



ХҒТАР 16.21.51
Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/2616-6887-2025-151-2-254-264>

«Шежіре-и теракиме» еңбегінде кездесетін бірқатар арабизмдер

Д.Ә. Балтабай*^{ID}, Е.Б. Сәдуахас^{ID}

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қаласы, Қазақстан

(E-mail: baltabayev.dosjan@mail.ru, e-saduakas@mail.ru)

Аңдатпа. Түркі жазба мұраларын, тарихи қолжазбалар мен жыр-дастандарды лингвистикалық аспектіде саралау тілдің қалыптасу, дамуын тарихын айқындауда айрықша маңызды. Зерттеу мақалаға XVII ғасырда жазылған Әбілғазы Баһадүр ханның «Шежіре-и теракиме» еңбегі нысаны ретінде алынды. «Шежіре-и теракиме» – түркі халықтарының тарихына, мәдениетіне, этнографиясына, жер-су атауларына қатысты мол деректерді қамтитын орта ғасырлық еңбек. Шағатай жазба тілінде жазылған бұл еңбек – Оғызнама дастанының араб әліпбиімен жазылған нұсқасы. Қолжазба мәтін орта ғасырлық еңбек болғандықтан, лексикалық қабатында көне түркі элементтерімен қоса араб, парсы, моңғол сөздері де кездеседі. Зерттеу мақалада шежіре тілінде кездесетін бірқатар арабизмдердің лексика-семантикалық ерекшеліктері, олардың қазіргі қазақ тіліндегі, қазақ фольклорлық үлгілеріндегі, ақын-жыраулар поэзиясындағы қолданысы зерделенеді. Тарихи лексикологияда кірме элементтерді, оның ішінде, араб және парсы сөздерін семантикалық тұрғыдан саралауда «араб-парсы сөздері» деген шартты атау жиі қолданылады. Соның негізінде мақалада кірме сөздер араб-парсы элементтері деп емес, жеке дара тілдік ерекшеліктер ретінде қарастырылады. Атап айтқанда, шежіре мәтініндегі *лафз/лебіз* «сөз», *ғиш*, *ғишрат/айыз* «тойлау, сауық құру», *қатил/қатал* «соғыс, қырғын», *есир/жесір* «тұтқын», *фурсат/мұрсат* «мүмкіндік» секілді араб элементтері семантикалық тұрғыдан талданады. Бұл сөздердің қазақ фольклорлық жырларындағы, қазіргі қазақ тіліндегі мағыналық қолданысы сараланады. Зерттеу мақаланың негізгі мақсаты – «Шежіре-и теракиме» еңбегінде кездесетін араб элементтерін тілдік тұрғыдан талдап, шағатай жазба тілі мен қазақ тілінің арасындағы тарихи сабақтастықты айқындау. Зерттеу барысында семантикалық талдау әдісі, сипаттамалы әдіс, тарихи-салыстырмалы, салғастырмалы әдіс-тәсілдер қолданылады.

Түйін сөздер: шағатай жазба тілі, қолжазба, арабизмдер, семантика, лексика.

Кіріспе

Қандай да бір қоғамдық құрылысты алсақ та, халықтар бір-бірімен саяси, экономикалық, мәдени-рухани жақтан байланыста болады. Сол себепті де белгілі бір халықтың тіліне екінші бір ұлт тілінің ықпалы болатыны белгілі. Халықтар арасындағы мұндай қарым-қатынастар тілдің лексикалық қабатынан көрініс беріп, кірме сөздердің қалыптасуына әкеледі. Осы мәселеде ғалым В.А. Богородицкий мынадай ой айтады: «Процесс заимствование слов является естественным и необходимым в жизни каждого народа при соприкосновении его другими народами» [1, 207 б.]. Ал ғалым Ғ. Мұсабаев «Бір тілге көршілес тілдерден сөз ауысу процесі – сол сөз енген тілдің жалпы сөздік құрамының баю жолының бірі. Бұл барлық тілде де болып тұратын құбылыс» деген тұжырым келтіреді [2, 106 б.].

VIII ғасырда арабтардың Орта Азияны жаулап алуымен араб мәдениеті, ислам діні тарады. Соның нәтижесінде әдебиет, діни уағыз, ғылыми еңбектер, сауда, шаруашылық, әкімшілік басқару ісі араб тілінің ықпалына ұшырады. Түркі халықтары тіліне осы кезде көптеген араб элементтері енді. X ғасырдан бастап парсы тілінің үстемдігі анық көріне бастады. Десе де араб тілі кейінгі кезеңде дін уағыздау ісінде өз әсерін сақтап қалды. Парсы тілінің де сөздік қоры таза емес еді: арабтар жаулап алғаннан соң мыңдаған араб сөздерін қабылдап алған. Сондықтан да парсы тілі Орта Азиядағы түркі халықтарына аралық тіл ретінде қызмет етті. Түркі тілдеріне парсы тілінің элементтері араб тілінен бұрын да енген болатын [3, 87 б.].

Арабтардың ықпалы Орта Азия халықтарына шаруашылық, сауда-саттық байланыстар арқылы да еніп, жергілікті халық тілінен көрініс бере бастаған. Сонымен бірге ел арасында діни сарындағы әр түрлі кітаптар да шыға бастады. Тәжік, өзбек, түркімен және қазақ даласында медреселер мен діни орталықтар пайда болып, ғылым салалары оқытылды. Оның үстіне саяси, мәдени қарым-қатынастар да артты. Жергілікті халықтан шыққан әр түрлі ғылым, білім, әдебиет, мәдениет саласындағы тұлғалар өз шығармаларын араб тілінде жазып, араб лексикасын молынан пайдаланған.

Түркі-иран-араб қарым-қатынасын кешенді түрде зерттеу бүгін ғана басталған мәселе деуімізге болмас. Кеңес дәуірі кезінде шығыстанушы ғалымдар тарапынан зерттеу нысаны болған тақырыптардың бірі. Атап айтсақ, В.В. Бартольд, А.М. Щербак, Б.Г. Гафуров, И.М. Оранский т.б. ғалымдардың зерттеу еңбектері осыған дәлел бола алады. Ал қазақ ғалымдарынан І. Кеңесбаев, Ғ. Мұсабаев, Р. Сыздық, Н. Оңдасынов және т.б. ғалымдардың еңбектерінде кірме элементтердің сипаты кең тұрғыдан сипатталады.

Түркі тілдеріндегі араб сөздерінің мәні мен маңызын ескере келе, зерттеу мақалада Әбілғазы Баһадүр ханның «Шежіре-и теракима» еңбегі нысан ретінде алынды. Түркі халықтарының тарихы мен мәдениетіне қатысты мол деректерді қамтыған «Шежіре-и теракима» еңбегі XVII ғасырда шағатай жазба тілінде жазылған. Аталмыш шежіре – «Оғызнама» дастанының араб әліпбиімен жазылған нұсқасы. Қолжазба мәтіннің лексикалық қабаты көне түркі элементтерімен қатар араб, парсы, моңғол сөздерінен тұрады.

Зерттеу әдістері мен материалдары

Мақалада «Шежіре-и теракиме» еңбегінің Т (Ташкент) нұсқасы негізге алынды. Қолжазба мәтін Өзбекстан Республикасы Ғылым Академиясының Шығыстану институты, Ташкент қолжазбалар жинағында (№ 171, инв. № 1522/V) сақталған [4, 25 б.]. Шежіре мәтініндегі бірқатар араб сөздерін лингвистикалық аспектіде талдауда Н.Д. Оңдасыновтың «Арабша-қазақша түсіндірме сөздігі» (Алматы, 1984), Л.З. Рүстемовтің «Араб-иран кірме сөздерінің қазақша-орысша түсіндірме сөздігі» (Алматы, 1989), Г. Мамырбекованың «Қазақ тіліндегі араб, парсы сөздерінің түсіндірме сөздігі» (Алматы, 2017) және шетелдік (Düzgün O. Türkçe-Arapça/Arapça-Türkçe Karşılıklar Kılavuzu, Ankara: Türk Dil Kurumu, 2020) лексикографиялық еңбектер басшылыққа алынды. Сонымен бірге араб сөздерінің лексика-семантикалық ерекшеліктерін зерделеуде семантикалық талдау әдісі, сипаттамалы әдіс, тарихи-салыстырмалы, салғастырмалы және анализдеу секілді әдіс-тәсілдер қолданылды.

Зерттеу мақаланың негізгі мақсаты – «Шежіре-и теракиме» қолжазба мәтініндегі кейбір араб сөздерінің семантикалық сипатын, қазақ фольклорлық шығармаларындағы қолданылу аясын, қазіргі қазақ тіліндегі тұлғалық, мағыналық ерекшеліктерін саралау.

Нәтижелер мен талқылаулар. Жаңа тілдің лексикасына енген сөздер сол тілдің ішкі даму заңдылығына бағынышты болады. Сонымен қатар оның бұрынғы фонетикалық құрамы, грамматикалық сипаты, семантикалық мағынасы да өзгеріске түседі. Бұндай сөздер уақыт өте келе сол тілге сіңіп, кірме сөз екені аңғарылмай кетеді. Дегенмен бұл айтылғандар негізінен аузыекі тілге енген кірме элементтерге тән құбылыс. Жазба әдебиетке енген сөздерден мұндай өзгерістер байқала бермейді.

Қырғыз ғалымы Б.М. Юнусалиев бір тілден екінші тілге сөз ауысу процесін былайша көрсетеді: «Лексические заимствование проникают двумя путями: а) путем непосредственного живого общения народов и б) через письменную литературу» [5, 189 б.].

Зерттеуіміздің нысаны болған «Шежіре-и теракиме» еңбегінде кездесетін араб элементтерін қазақ тіліне қатыстылығы жағынан төмендегідей бөліп жіктеуімізге болады:

1) семантикалық мағынасы қазіргі қазақ тілінде өзгермеген араб сөздері: *‘aql* عقل «ақыл, ғақыл», *‘amel* عمل «амал, ғамал», *‘ar* عار «ар», *‘ayan* عيان «аян, ғаян, белгілі», *fikr* فکر «пікір», *‘gam* غم «азап, мұң», *‘gāfil* غافل «ғапыл, бейқам, қаперсіз, жайбарақат», *haqiqat* حقیقت «ақиқат», *hacet* حاجة «қажеттілік», *hal* حال «хәл, хал» т.б.

2) семантикалық мағынасы біршама өзгеріске түскен араб сөздері: *evlat* اولاد «бала», қазақ тілінде «әулет», *firsat* فرصة «қолайлы, сәтті уақыт», қазақ тілінде «мұрсат, мұрша, мүмкіндік», қарық عرق «суға бату», қазақ тілінде «кенелу, қарық болу» т.б.

3) қазіргі қазақ тілінде қолданылмайтын және көнерген араб сөздері: *фелек* فلك «аспан», *хамла, хамл* حمل, حاملة «екіқабат, аяғы ауыр», *хараб* خراب «қиындық», *иғтибар, ықтибар, ығтыбар* اعتبار «құрмет, қошемет», *қатра* قطرة «тамшы» т.б.

«Шежіре-и теракиме» еңбегінің араб тілдік қабатын зерделеуде бірқатар араб сөздерінің мағыналық сипатын саралап, қазіргі қазақ тіліне қатыстылығы турасында біршама талдаулар жүргіздік.

Шежіре мәтінінде кездесетін арабизмдердің бірі – «сөз» мағынасындағы *lafz* элементі. Мысалы: *Oğlan turur, tili kilmeslikindin ni ayturın bilmey turur dirler irdi, anıñ üçün kim lafz-ı Allah 'Arāb tili turur* (Алланың сөзі арабша болғандықтан «бала ғой, тілі келмегендіктен не айтарын білмей тұр» дейтін еді) (Т 71а-4). Арабтың лаф сөзі «үн, дауыс шығару», «сөз, сөйлем» мағынасын білдіреді. Аталған сөздің екі мағынасы да қазақ фольклорлық жырларында жиі кездеседі: *Адамзаттың усі, лебізі білінеді, – деп, қонбастан қайта ұшып кетеді* («Едіге жыр»), *Менім сізді шақырған шақырған лебізімді һәркез жерге тастамаңыз, – деді* («Ер Тарғын»), *Ғылым деген ғажап күшті негіздеп, Айтып болмас, тіл жетпейді лебізбен* («Әбуғалисина, Әбілхарис» дастаны), *Көрсетейін кейнімді, Лебізің жалған болмасын* («Қыз Жібек», Мұсабай жырау нұсқасы) [6, 337 б.]. *Лаф, лафз* сөзінің қазіргі қазақ тілінде «жылы, ілтипатты сөз» мағынасындағы *лебіз* тұлғасы қолданылады. Талданып отырған тілдік бірлік «*Türkçe-Arapça /Arapça-Türkçe karşılıklar kılavuzu*» (Türk Dil Kurumu, 2020) сөздігінде *لفظ laf* «сөз» мағынасындағы араб элемент екені көрсетілген [7, 185 б.]. *Лебіз* – *лафз* сөзінің қазақ тілінің фонологиялық заңдылығына сай бейімделген тұлғасы.

«Шежіре-и теракиме» еңбегінде кездесетін араб сөздерінің бірі – *‘ıuş* «қалау, рақаттану», *‘işret* «көңіл көтеру» сөздері. Мысалы: *‘ıuş u ‘işretğa meşğul bolup qarılar yaşın unutdı ve yarlılar malsızlıqın unutdı ve baylar ölümün unutdılar* (Ішіп-жеп рахатқа батып, кәрілер жасын ұмытты, жарлылар малсыз екенін ұмытты, байлар өлімін ұмытты) (Т 86b-11).

‘ıuş сөзінің қазақ тіліндегі формалары – *ғиш, ғәйіш, ғайшы*. Г. Мамырбекованың түсіндірме сөздігінде екі түрлі семантикалық мағынасы берілген: а) нан, тамақ; ә) Рақат өмір, жақсы тұрмыс: *Мәрд болмас дүр һәр бұл хошы, Мехнаты қылар ғайшы* («Бозұғлан, Ахметбек һәм Жүсіпбек»), *Ғәйіш қып ішін-жесіп шекер-шәрбат, Отырды бір-бірінен ләззат тауып* («Иранғайып шаһ Ғаббас») [8, 148 б.]. Ал *‘işret* сөзінің қазақ тіліндегі тұлғалары – *ғишрат, ғишрәт, ғишрату, ғашырат, ғишарат*. *Ғишрат* сөзінің мағыналары: а) Көңіл көтеру, сауық құру; ә) Көңіл көтеріп, ләззатқа бөлену. Аталмыш сөздер қазақ фольклорлық шығармаларында жиі қолданылған: *Ғашық болған жарыма қосылған соң, Ғайыш-ғишрәт істерді етемін деп* («Жүсіп-Зылиха»), *Ақ некесін қидырып, Қылды бір енді ғишратты* («Алпамыс батыр») [8, 149 б.].

Осы тұрғыда *ғиш, ғишрат* сөзімен төркіндес айыз сөзін қарастыруымызға болады. Қазақ тілінде айызы қану деген тұрақты тіркес бар. Иран тілдерінде *aijs* сөзі «қалау», «тілек» деген мағыналарды білдірген. Бұл сөздің кірме сөз екенін осыдан да ұғуға болады. Ал семит тілдерінің ішінде иран тілдерінің әсері мол сақталған мысыр диалектісінде *āiz* сөзі жиі қолданылады, мысалы: *āiz э?* «сіз не қалайсыз?». Ал классикалық араб тілінде *ā‘iz* сөзі «қалау» (хотеть, желать) мағынасындағы *‘ā‘za* етістігінен жасалған есімше, яғни *ā‘iz* «қалайтын, қалаушы адам» деп аударылады. Араб тілі бұл сөздің шығу тегін араб жазба әдеби тіліндегі *‘ā‘za* етістігімен байланыстырады: *‘ā‘za* а) Не хватать, требоваться; ә) Нуждаться, ал бұл етістіктен есімше тұлғалы *ā‘izun* «нуждающийся, ощущающий потребность в чем-либо» сөзі туындаған [9, 142 б.].

Қазақ тілінің пассив қабатында «өлтіру, қыру» мағынасында арабтың *қатил* *قتيل* сөзі кездеседі: *Ақырда пайғамбарым сөзі шын боп, Қылышпен нанбағанды қылды қатыл* («Мифраж» дастаны, М. Жүсіп, II-том, 2003), *Басында екі кептер қонып отыр, Сол жерде*

ұстап алып қатыл етті («Қисса Жәмшид») [8, 302 б.]. Ал қазіргі кезде қазақ тілінде қатыл сөзінің «мейірімсіз, қайырымсыз, тасжүрек» деген ауыспалы мағынадағы қатал формасы қолданылады. Аталмыш сөз «Шежіре-и теракиме» еңбегінде «қырғын, соғыс» мәнінде келеді: *Munıñ sevābı eger ol qatl-i'āmmda gūnāh bolğan bolsa anğa ğalib kelgey* (Егер қырғын үстінде күнә жасалған болса оның (бұл айтқандарымның) сауабы оған жеңіс болып келеді) (Т 66а-12).

Шежіре мәтінінде кездесетін тағы бір араб сөздерінің бірі – *esir* «тұтқын». Мысалы: *Türkmen yurtığa kelip ol turğan illerdin esir ve sevdāger Māverāü'n-nehirge keles başladı* (Түркімен жеріне келіп отырған елдерден тұтқын, саудагер Маверауннехрге келе бастады) (Т 86а-4). «Большой арабско-русский словарь» (2010) сөздігінде *асир* اسير араб сөзі екендігі, «братъ, захватывать в плен», «пленять (также переносн.)» мағыналарын білдіретіндігі көрсетілген [10, 18 б.]. Ал «Көне түркі сөздігінде» (1969) *esir* сөзінің араб элементі екені, «пленник» (тұтқын) мағынасын білдіргендігі берілген [11, 75 б.].

Арабтың *асир* اسير сөзі араб тілінде «тұтқын», «тұтқында қалу», «құл» мағыналарын білдіреді. Аталған үш мағынасы да қазақ фольклорлық шығармаларында кездеседі, сонымен бірге *асир* формасы да қолданылған. Қазіргі қазақ тілінде жесір тұлғасы сақталған, «күйеуі өлген әйел» ауыспалы мағынасында жұмсалады [6, 177 б.].

Г. Мамырбекова «Қазақ тіліндегі араб, парсы сөздерінің түсіндірме сөздігінде» (2017) *жесір/асир* اسير сөзін араб тілінен енген кірме элемент ретінде көрсетіп, бес түрлі мағынасын береді: 1. *Тұтқын*: Таманың бәрін байлады, Шулатып жесір айдайды («Ер Шора»), Бұ малғұн дию басын сен кесерсің, Асирлар құтылар есен-аман («Қисса Сейітбаттал»). 2. *Тұтқынға түсу, тұтқында қалу*: Үш күннен соң мүмін жамиғ болды, Дұшпанлардың жеті мыңын жесір қылды («Ғазауат сұлтан»). 3. *Құл*: Иә, Шаһ жиһан, мен – Қарун падишаның қызы, – деді, Жеті жыл жесір болдым мұнда, – деді («Ғазауат сұлтан»). 4. *Ауысп. Күйеуінен айырылған әйел*: Қарабай ұлын көрмей өліп қалды, Жесір қатын, жетім ұл қарап қалды («Қозы Көрпеш – Баян Сұлу»). 5. *Ауысп. Иесіз*: Сен түгіл Тарғынды да өлтірмейміз, Тарғын өлсе осы екі ел жесір қалар («Тарғын батыр жыры»), Құнсыз болып еріміз, Жесір болып жеріміз, «Жан менікі» дей алмай, «Мал менікі» дей алмай, Ит пен құсқа азық ек (А. Байтұрсынұлы, Шығ.) [8, 207 б.].

Қазақ тілінде «мұрша, мүмкіндік» мағынасындағы мүрсат сөзі шежіреде *фурсат*, яғни «қолайлы мезет» мағынасы қолданыс тапқан: *Taqı bir fursatdın soñ basin köterip aytdı: Bu sözni men sendin burunraq aytur tip ümid qılur irdim...* (біраз уақыттан соң басын көтеріп, мен сенен бұл сөзді бұрын айтар деп үміттеніп едім...) (Т 88b-13). Арабтың *firsat* فرصة «қолайлы, сәтті уақыт» деген мағынаны білдіреді [7, 100 б.].

Мүрсат, пұрсат (араб. *фурсат* فرصة а) *мүмкіндік, мұрша*: Асыл туған, Қазі ер, Бізге үш күн *мұрсат* бер, – депті («Қарасай, Қазі»), Қобыландыдай батырдан, Үш күн *пұрсат* сұрады («Қобыланды батыр»); ә) *Қолайлы жағдай, қолайлы мезгіл*: Әлі ішкен тамақ жоқ, Баруға пұрсат заман жоқ («Қобыланды батыр»), Бұ секілді болар ма ғапыл болу, *Пұрсат* тапқан ол уақыт Шәмші бану («Шаһмаран») [8, 396 б.].

«Шежіре-и теракиме» еңбегінде кездесетін бірқатар арабизмдерді талдай отырып, қазақтың көне жыр-дастандарында, ортағасырлық түркі жазба ескерткіштері тілінде, XX ғасырға дейінгі ескі қазақ жазба тіліндегі мұндай кірмелік элементтер қазақ тілінің

дыбыстық заңдылығына бағындырылып, семантикалық мағыналары түрленіп, төл сөздеріміздей болып кеткендігін көре аламыз. Бұдан кірме сөздерді қабылдаудағы қазақ тілінің табиғаты күшті екендігін аңғаруға болады. Сонымен қатар фольклорлық шығармалар мен жазба ескерткіштер тілін зерделеуде сөйлеу тілі мен жазба дәстүр арасында (сөздердің дыбыстық, тұлғалық, тіркесімділік, сөйлем құрылысы жағынан) айтарлықтай айырмашылықтардың болатындығын байқай аламыз.

Әбілғазы Баһадүр ханның «Түркі шежіресі», «Шежіре-и теракиме» еңбектерінің тілі XVII ғасырда Хиуа тұрғындарының сөйлеу тілінде жазылды деп есептеледі. Автордың «араб, парсы тілдерінен бір де бір сөз қоспадым» дегенін ескерсек те, шежіре тілінде кірме элементтердің, оның ішінде араб, парсы сөздерінің кездесетіні белгілі. Себебі сол кездегі халықтың сөйлеу тілінде араб, парсы сөздері мол болатын, әрі оларды қолданбауы мүмкін емес еді. Белгілі бір халық тілінде кірме сөздердің орын алуы – сөздік қордың үнемі толысып, дамып, өзгеріп отыратын қасиетіне байланысты.

Зерттеуіміздің нысаны болған «Шежіре-и теракиме» еңбегінде кездесетін араб сөздеріне келесідей семантикалық талдаулар жасалды:

– Шежіре мәтінінде кездесетін арабтың *лафз* لفظ сөзі «үн, дауыс шығару», «сөз, сөйлем» мағынасын білдіреді. Аталған сөздің екі мағынасы да қазақ фольклорлық жырларында жиі кездеседі. *Лаф*, *лафз* сөзінің қазіргі қазақ тілінде «жылы, ілтипатты сөз» мағынасындағы лебіз тұлғасы сақталған.

– Шежіре лексикасында «қалау, рақаттану» мағынасында *‘уш*, «көңіл көтеру» мағынасында *‘işret* секілді араб сөздері кездеседі. *‘işret* сөзінің қазақ тіліндегі тұлғалары – *ғишрат*, *ғишрәт*, *ғишрату*, *ғашырат*, *ғишарат*. *Ғишрат* сөзінің мағыналары: а) Көңіл көтеру, сауық құру; ә) Көңіл көтеріп, ләззатқа бөлену. Осы тұрғыда *ғиш*, *ғишрат* сөзімен төркіндес айыз сөзін қарастыруымызға болады. Қазақ тілінде айызы қану деген тұрақты тіркес бар. Классикалық араб тілінде *ā‘из* сөзі «қалау» (хотеть, желать) мағынасындағы *‘ā‘за* етістігінен жасалған есімше, яғни *ā‘из* «қалайтын, қалаушы адам» деп аударылады. Араб тілі бұл сөздің шығу тегін араб жазба әдеби тіліндегі *‘ā‘за* етістігімен байланыстырады: *‘ā‘за* а) Не хватать, требоваться; ә) Нуждаться, ал бұл етістіктен есімше тұлғалы *ā‘изун* «нуждающийся, ощущающий потребность в чем-либо» сөзі туындаған [9, 142 б.].

– Қазақ тілінің пассив қабатында «өлтіру, қыру» мағынасында арабтың *қатил* قاتيل сөзі кездеседі. Ал қазіргі кезде қазақ тілінде *қатыл* сөзінің «мейірімсіз, қайырымсыз, тасжүрек» деген ауыспалы мағынадағы *қатал* формасы қолданылады. Аталмыш сөз «Шежіре-и теракиме» еңбегінде «қырғын, соғыс» мәнінде жұмсалған.

– Шежіре мәтінінде кездесетін арабтық элементтердің тағы бірі – «тұтқын» мағынасындағы *асир* сөзі. Ғалым Г. Мамырбекова «Қазақ тіліндегі араб, парсы сөздерінің түсіндірме сөздігінде» (2017) *жесір/асир* اسير сөзін араб тілінен енген кірме элемент ретінде көрсетіп, бес түрлі мағынасын береді: 1. Тұтқын; 2. Тұтқынға түсу, тұтқында қалу; 3. Құл; 4. Ауысп. Күйеуінен айырылған әйел; 5. Ауысп. Иесіз [8, 207 б.].

– Шежіре лексикасында *фурсат* «қолайлы мезет» мағынасында араб сөзі кездеседі. Аталмыш сөздің қазіргі қазақ тіліндегі тұлғасы – *мұрсат*, «мұрша, мүмкіндік» мағынасын білдіреді.

Түркі тілдес халықтар, олардың тілдерінде көнеден келе жатқан жазба дәстүр қалыптасқан [12, 10 б.]. Шағатай жазба дәстүріне негізделген тарихи жәдігерлер мен қол-жазба еңбектер жайлы деректерді Қазақ хандығы тұсында жазылған дереккөздерден де мол кездестіруімізге болады [13, 71 б.]. Қазіргі таңда түркі лексикологиясындағы маңызды мәселелердің бірі – әрбір тілге сихронды және диахронды жақтан кешенді талдаулар жүргізу. Қазіргі лингвистика ғылымында тіл мен мәдениет, тіл мен саясат, тіл мен таным, тіл мен этнос мәселелеріне басымдық берілсе, тарихи лексикологияда жазба ескерткіштердің тілін зерделеу ісі айрықша маңызға, мәнге ие [14, 85 б.].

Қорытынды

Зерттеу барысында «Шежіре-и теракиме» еңбегінің араб тілдік қабаты зерделеніп, ондағы араб элементтері лексика-семантикалық тұрғыдан, қазіргі қазақ тіліне қатыстылығы жағынан талданып, сарапталды. Араб сөздерін талдау барысында олардың фонетикалық тұлғасы (қазақ тіліндегі тұлғалық ерекшеліктері), морфологиялық құрылымы, семантикалық сипаты сараланды. Әбілғазы Баһадүр ханның «Шежіре-и теракиме» еңбегі (XVII ғ.) тілдік жағынан өз заманындағы ортағасырлық жазба ескерткіштерден айрықша ерекшеленеді. Мәселен, ортағасырлық қаламгерлер өз еңбектерінде араб, парсы сөздерін, сол тілдерге тән сөйлем құрау, сөз тіркестіру амалдарын молынан қолдануға тырысса, Әбілғазы өз шежірелерін жазуда көне түркілік элементтерді жиі пайдаланған, барлық түркілерге түсінікті тілде жазуды мақсат еткен. Сондай-ақ, «Шежіре-и теракиме» еңбегінің тілдік қабатынан байқайтын тағы бір ерекшелік – көне қыпшақ тілінің (XI-XIII ғ.) өзегінің сақталуы. Талдаулар нәтижесі шағатай жазба әдеби тілі мен қазақ тілі арасындағы лексикалық бірліктердің тұлғалық жағынан, дыбыстық сипаты жағынан біршама ерекшеленетіндігін көрсетіп отыр.

XVII ғасырда жазылған «Шежіре-и теракиме» еңбегі өз тұсындағы шағатай жазба тілінен өзгеше, түркі халықтарына ортақ «нағыз түрік тілінде» жазылған деп пайымдауымызға себеп көп. Шежіренің лексикалық, грамматикалық құрылысын талдап, оның қазақ тіліне қатыстылығын сөз ету қазақ тілі тарихына, тарихи грамматика мен тарихи лексикологияға мол деректер бере алады.

Алғыс білдіру, мүдделер қақтығысы

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі бекіткен АР22687210 ««Шежіре-и теракиме» еңбегінің этимологиялық тезаурус сөздігі» гранттық жоба аясында жазылды.

Авторлардың қосқан үлесі.

Балтабай Д.Ә. – хат-хабарға жауапты автор, зерттеудің тұжырымдамасын әзірлеп, деректерді жинау мен талдауды жүргізді, сондай-ақ мақаланың негізгі нұсқасын дайындады.

Сәдуахас Е.Б. – зерттеудің әдіснамалық бөлімін жетілдіріп, нәтижелерді интерпретациялау мен әдебиеттерге шолу жасауға жауапты болды.

Әдебиеттер тізімі

1. Богородицкий В.А. Введение в татарское языкознание в связи с другими тюркскими языками. – Казань: Татгосиздат, 1953. – 220 с.
2. Кеңесбаев І, Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі. Лексика, фонетика. – Алматы: ОПБ, 1962. – 315 б.
3. Сағындықұлы Б. Алтын Орда жазба ескерткіштерінің (XIV ғ.) салыстырмалы лексикасы: оқу құр. – Алматы, 2006. – 112 б.
4. Ölmez Z.K. Ebulgazi Bahadır Han Şecere-i Terakime (Türkmenlerin Soykütüğü). – Ankara. «Şafak Matbaacılık», 1996. – 559 s.
5. Юнусалиев Б.М. Киргизская лексикология. – Фрунзе: Киргизгосучпедиздат, 1959. – Ч. 1. – 248 б.
6. Қазақ тіліндегі кірме сөздер сөздігі / құраст. Ш. Құрманбайұлы, С. Исақова, Б. Мизамхан және т.б. – Алматы, 2019. – 596 б.
7. Düzgün O. Türkçe-Arapça/Arapça-Türkçe Karşılıklar Kılavuzu. – Ankara: Türk Dil Kurumu, 2020. – 870 s.
8. Мамырбекова Г. Қазақ тіліндегі араб, парсы сөздерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 2017. – 658 б.
9. Жұбатова Б.Н. Қазақ тіліндегі араб, парсылық кірме фразеологизмдер. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 312 б.
10. Большой арабско-русский словарь. 250000 слов и сочетаний. – М.: ООО Дом славянской книги, 2010. – 640 с.
11. Наделяев В.М., Насилов Д.М., Тенишев Э.Р. и др. Древнетюркский словарь. – Л.: Наука, 1969. – 715 с.
12. Alimbayev A.E., Daurenbekova L.N., Kemenger K.R., Imanberdiyeva S.K., Bashirov N.K. The Idea of Eternal Country in the First Epic Poems of the Turkic People // Rupkatha Journal on Interdisciplinary Studies in Humanitiesthis link is disabled. – 2020. – №12 (4). – P. 1-11. DOI: <https://dx.doi.org/10.21659/rupkatha.v12n4.29>
13. Uldanay Jumabay. Düysenali Abdilaşım. The Old Kazakh written language // Ural-Altaic Studies – 2020. – №4 (39). – P. 71-76. DOI: <http://dx.doi.org/10.37892/2500-2902-2020-39-4-71-76>
14. Kenzhalin K.K., Konyratbayeva Zh., Satemirova D., Abdualiuly B., Eastern and Western Linguocultural Map: Similarities and Peculiarities (Based on Linguocultural Research) // International Journal of Society, Cultural & Language. – 2021. – №9 (2). – P. 85-97.

Д.А. Балтабай, Е.Б. Садуахас

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Ряд арабских слов, встречающихся в произведении «Шежіре-и теракима»

Аннотация. Лингвистический анализ тюркского письменного наследия, исторических рукописей и эпических поэм имеет особое значение для определения истории формирования и развития языка. В качестве предмета исследования статьи взято произведение «Шежіре-и теракима» Абиьгазы Бахадур-хана, написанное в XVII веке. «Шежіре-и теракима» –

средневековый труд, содержащий обширную информацию по истории, культуре, этнографии и топонимике тюркских народов. Это произведение, написанное чагатайским письмом, представляет собой вариант эпоса «Огузнама», записанный арабским алфавитом. Поскольку текст рукописи является средневековым произведением, в его лексическом слое, помимо древнетюркских элементов, присутствуют арабские, персидские и монгольские слова. В научной статье рассматриваются лексико-семантические особенности ряда арабизмов, встречающихся в генеалогическом языке, и их употребление в современном казахском языке. В исторической лексикологии общепринятый термин «арабо-персидские слова» часто используется для семантической дифференциации заимствованных слов, в том числе арабских и персидских. В статье заимствования рассматриваются не как арабо-персидские элементы, а как индивидуальные языковые особенности. В частности, в генеалогическом тексте семантически анализируются такие арабские элементы, как *lafz/lebiz* «слово», *ish, ishrat/ayiz* «пир, празднество», *qatil/qatal* «война, резня», *esir/jesir* «пленник» и *fursat/mursat* «возможность». Анализируется семантическое использование этих слов в казахских фольклорных поэмах и в современном казахском языке. Основная цель научной статьи – проанализировать арабские элементы, встречающиеся в произведении «Шежире-и теракима», с лингвистической точки зрения и определить историческую преемственность между чагатайской письменностью и казахским языком. В исследовании использованы семантический анализ, описательный, историко-сравнительный и сравнительный методы.

Ключевые слова: чагатайская письменность, рукопись, арабизмы, семантика, лексика.

D.A. Baltabay, E.B. Saduqas

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

A number of Arabic words found in the work "Shezhire-i Terakime"

Abstract. Linguistic analysis of the Turkic written heritage, historical manuscripts and epic poems is of particular importance for determining the history of the formation and development of the language. The subject of the article is the work "Shezhire-i Terakime" by Abilgazy Bahadur Khan, written in the 17th century. This work, written in the Chagatai script, is a version of the epic "Oguznama" written in the Arabic alphabet. Since the text of the manuscript is a medieval work, in its lexical layer, in addition to ancient Turkic elements, there are Arabic, Persian and Mongolian words. The scientific article examines the lexical and semantic features of a number of Arabisms found in the genealogical language and their use in the modern Kazakh language. In historical lexicology, the generally accepted term "Arabic-Persian words" is often used for semantic differentiation of borrowed words, including Arabic and Persian. In the article, borrowings are considered not as Arabo-Persian elements, but as individual linguistic features. In particular, in the genealogical text, such Arabic elements as *lafz/lebiz* "word", *ishrat/ayiz* "celebration", *qatil/qatal* "massacre", *esir/jesir* "captive" and *fursat/mursat* "opportunity" are semantically analyzed. The semantic use of these words in Kazakh folklore poems and in the modern Kazakh language is analyzed. The main objective of the scientific article is to analyze the Arabic elements found in the work "Shezhire-i Terakime" from a linguistic point of view and to determine the historical continuity between

the Chagatai script and the Kazakh language. The study uses semantic analysis, descriptive, historical-comparative and comparative methods.

Key words: Chagatai script, manuscript, Arabisms, semantics, vocabulary.

References

1. Bogorodickij V.A. Vvedenie v tatarskoe yazykoznanie v svyazi s drugimi tyurkskimi yazykami [Introduction to Tatar linguistics in connection with other Turkic languages] (Tatgosizdat, Kazan', 1953, 220 p.). [in Russian]
2. Kenesbaev I., Musabaev G. Kazirgi kazak tili. Leksika, fonetika [Modern Kazakh languages. Vocabulary, phonetics] (OPB, Almaty, 1962, 315 p.). [in Kazakh]
3. Sagyndykuly B. Altyn Orda jazba eskertkishterinin (XIV ғ.) salystyrmaly leksikasy: oku kur. [Comparative lexicon of the written monuments of the Golden Horde (XIV century): study] (Almaty, 2006, 112 p.). [in Kazakh]
4. Ölmez Z.K. Ebulgazi Bahadır Han Şecere-i Terakime [Genealogy of Turkmens] (Şafak Matbaacılık, Ankara, 1996, 559 p.). [in Turkish]
5. Yunusaliev B.M. Kirgizskaya leksikologia [Kyrgyz lexicology] (Kirgizgosuchpedizdat, Frunze, 1959, 248 p.). [in Russian]
6. Kazak tilindegi kirme sozder sozdigi [Dictionary of loanwords in the Kazakh language] / Sh. Kurmanbaiuly, S. Isakova, B. Mizamkhan. (Almaty, 2019, 596 p.). [in Kazakh]
7. Düzgün O. Türkçe-Arapça/Arapça-Türkçe Karşılıklar Kılavuzu [Turkish-Arabic/Arabic-Turkish Equivalents Guide] (Ankara, Türk Dil Kurumu, 2020, 870 p.). [in Turkish]
8. Mamyrbekova G. Kazak tilindegi arab, parsy sozderinin tusindirme sozdigi [Explanatory dictionary of Arabic and Persian words in the Kazakh language.] (Almaty, 2017, 658 p.). [in Kazakh]
9. Zhubatova B.N. Kazar tilindegi arab, parsylyk kirme frazeologizmdler [Arabic and Persian borrowed phraseologisms in the Kazakh language.] (Almaty, 2012, 312 p.). [in Kazakh]
10. Bol'shoi arabsko-russkii slovar'. 250000 slov i sochetanii [The Large Arabic-Russian Dictionary. 250,000 words and combinations] (Nauka, Moscow, 1969, 715 p.). [in Russian]
12. Alimbayev A.E., Daurenbekova L.N., Kemenger K.R., Imanberdiyeva S.K., Bashirov N.K. The Idea of Eternal Country in the First Epic Poems of the Turkic People, Rupkatha Journal on Interdisciplinary Studies in Humanitiesthis link is disabled, 12 (4), 1-11(2020). DOI: <https://dx.doi.org/10.21659/rupkatha.v12n4.29>
13. Uldanay Jumabay. Düysenali Abdilaşım. The Old Kazakh written language, Ural-Altaic Studies, 4 (39), 71-76 (2020). DOI: <http://dx.doi.org/10.37892/2500-2902-2020-39-4-71-76>
14. Kenzhalin K.K., Konyratbayeva Zh., Satemirova D., Abdualiuly B., Eastern and Western Linguocultural Map: Similarities and Peculiarities (Based on Linguocultural Research), International Journal of Society, Cultural & Language, 9 (2), 85-97 (2021).

Авторлар туралы мәлімет:

Балтабай Д.Ә. – PhD, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Сәдуахас Е.Б. – Қазақ тіл білімі кафедрасының PhD докторанты, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Балтабай Д.Ә. – PhD, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

Сәдуахас Е.Б. – PhD докторант кафедры казахского языкознания, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

Baltabay D.A. – PhD, L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Saduaqas E.B. – PhD student at the Department of Kazakh Linguistics, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.



Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).